

Ф.А. Ержанова\*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан*  
(E-mail: [erzhanova\\_farida@mail.ru](mailto:erzhanova_farida@mail.ru))

### **Қазақстан Республикасының сайлау құқығы нормаларын жетілдірудің кейбір мәселелері**

Мақалада Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, сайлау құқығы мен сайлау процесі саласындағы арнайы әдебиетті, электоралдық практиканы зерттеу негізінде сайлау қызметі саласындағы құқықтық реттеудің өзекті мәселелері қаралған. Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының ережелеріндегі сайлау туралы Конституциялық заңға енгізілген қосымшаларды ескере отырып, Қазақстан Республикасының сайлау органдары мен олардың мүшелерінің мәртебесіне қатысты заңгер ғалымдардың ұстанымдары зерделеу объектісі болып табылады. Салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде мақалада Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасындағы сайлау комиссияларын ұйымдастыруға және олардың қызметіне байланысты мәселелер қарастырылды. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет қалыптастырудың жалпы міндеті тұрғысында сайлау институтын конституциялық-құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіру қажеттігі белгіленді. Сайлау комиссияларының заңды қасиеттеріне қатысты ережелермен конституциялық нормаларды толықтырудың, олардың мүшелерінің мәртебесін нақтылаудың орындылығы туралы ұсыныстар жасалды. Сайлау заңнамасын жетілдірудің бағыттары ретінде сайлау алдындағы үгіт саласындағы кейбір олқылықтарды жою, шешуші дауыс құқығы мен кеңесші дауыс құқығы бар сайлау комиссиялары мүшелерінің мәртебесін нақтылау ұсынылды.

*Кілт сөздер:* Қазақстан Республикасының Конституциясы, сайлау құқығы, сайлау үрдісі, сайлау комиссиясы, сайлау комиссиясының құқықтық мәртебесі, азаматтардың сайлау құқықтарының кепілдіктері.

#### *Кіріспе*

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы [1] адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары сақталатын және қорғалатын, танылатын, демократиялық құқықтық мемлекет ретінде Қазақстанның дамуының аса маңызды кепілдіктерін бекітті. Елдегі бүкіл биліктің оның көп ұлтты халқына тиесілілігі — бұл қазақстандық конституциялық құрылымының негізгі ажырамас бөлігі, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің негізгі қағидаты. Халық билігінің ең жоғары тікелей көрінісі — референдум және ерікті сайлау болып табылады.

Сайлау комиссияларының жұмыс істеуі, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының Конституциясында, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде кепілдік берілген сайлау бостандығын қамтамасыз ететін маңызды қағидат болып табылады.

---

\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [erzhanova\\_farida@mail.ru](mailto:erzhanova_farida@mail.ru)

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу саяси үрдістерді демократияландырудағы жалпы бағыттылықтың дәлелі болды [2]. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 162-VI Конституциялық заңымен бекітілген [3]. Сайлау туралы конституциялық заңнама Қазақстандағы сайлау процесін ырықтандыру және одан әрі демократияландыру жолымен жүрді. Осы түзетулерге сәйкес сайлау органдарының мәртебесі жетілдірілді, партиялық тізімдер бойынша мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну тәртібі бекітілді.

2018 жылғы маңызды жаңашылдық округтік сайлау комиссияларын жою, сондай-ақ аумақтық сайлау комиссияларының екі мүшесінің өкілеттіктерін кәсіби негізде жүзеге асыруды енгізу болып табылады. Сондай-ақ 2018 жылғы маусымда «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, аумақтық, учаскелік сайлау комиссияларының өкілеттіктері «сайлау үрдісіне қатысушыларды оқытуды ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ саяси партиялардың өкілдерімен және сайлау үрдісіне басқа да қатысушылармен сайлауды ұйымдастыру және өткізу бойынша семинарлар өткізу» функциясымен толықтырылды [2]. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, бұдан басқа, сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсібилігін арттыруға, әр түрлі саяси партиялардың өкілдері үшін тең жағдайлар жасауға, сайлау үрдісі оның ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету мақсатында қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мұның бәрі Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі біздің халқымыздың демократиялық дәстүрлерін, сондай-ақ әлемдік сайлау тәжірибесін ескере отырып, Халықаралық сайлау стандарттары қағидаттары мен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктеріне қойылатын талаптарды ескере отырып құрылатынын айғақтайды.

#### *Әдістер мен материалдар*

Зерттеуде мыналар қолданылды: логикалық-құқықтық, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи, сондай-ақ құқықтық нормаларды түсіндірудің арнайы құқықтық әдістері. Жұмыста зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістері — талдау, синтездеу, абстракциялау, дедукция, логикалық және салыстырмалы әдісі қолданылды.

Мақалада Қазақстан Республикасының және шетелдердің қолданыстағы заңнамасын, сайлау құқығы мен сайлау процесі саласындағы ғылыми әдебиетті, электоралды науқандардың құқық қолдану практикасын зерделеу және талдау негізінде Қазақстан Республикасының сайлау органдары мен олардың мүшелерінің құқықтық мәртебесінің өзекті мәселелері қаралған. Мақалада Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының ережелері талданған, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға заңдық талдау жасалды.

#### *Нәтижелер*

Қазақстан Республикасында өткізілетін ұйымдастырушылық-құқықтық іс-шаралар шеңберіндегі өзекті бағыттардың бірі сайлау заңнамасын жетілдіру болып табылады. Қазақстан Республикасының Президентін, Парламентін, жергілікті өкілді органдарды сайлау бойынша өткізілген сайлау науқандарының тәжірибесі көрсетіп отырғандай, тұтастай алғанда, қолданыстағы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда азаматтардың сайлау құқығын жүзеге асыру процесі айқын, дәйекті және жан-жақты реттелген. Бірақ, бұл Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасы одан әрі жетілдіруді қажет етпейді дегенді білдірмейді. Бұл жағдай қолданыстағы заңнаманың және құқық қолдану тәжірибесінің оңтайлы құқықтық нысандарын одан әрі іздеу қажеттігіне түрткі болады.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында сайлау комиссияларының сайлауды ұйымдастыру мен өткізудегі рөлі туралы айтылмайды [1]. Мұндай тәсіл біршама қате болып көрінеді, өйткені Қазақстанда биліктің үш тармағының ешқайсысына жатпайтын және бірқатар ерекшеліктері бар мемлекеттік органдардың жаңа жүйесі қалыптасты.

Конституцияда халық еркінің ұйымдастырушылық рәсімдеу сұрақтарын бекіту және дамыту, барлық мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар, қоғамдық бірлестіктер, азаматтар үшін

нормативті-міндетті сипат беру, жалпы алғанда, біздің қоғам өмірінде саяси плюрализмнің және дамыған демократияның әр түрлі нысандарын бекіту үшін нақты құқықтық негіздер құруға мүмкіндік берер еді. Біздің ойымызша, конституциялық мәртебе сайлау комиссияларының функцияларына лайық.

Қазақстан Республикасының Конституциясында, біздің ойымызша, сайлаудың жарыспалылығы мен баламалылығы қағидаларын бекіту, сондай-ақ сайлаушылардың еркін қалыптастырудың заңдылығын қамтамасыз ететін органдар ретіндегі сайлау комиссияларының орны мен рөлін айқындау қажет болар еді.

Президенттікке, Мәжіліс және Сенат депутаттығына кандидат тіркелген сәттен бастап сайлаушылар арасында өз үміткерлерін қолдау үшін саяси партиялардың үгіт жұмысы басталады. Үгіт компаниясы, оның маңыздылығын ескере отырып, құқықтық реттеуге ие болады. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында [2] саяси партиялардың үгіт жұмысының құқықтық аясы айқындалады, өйткені қажетті жағдайлар жасау сайлауды демократиялық ұйымдастыру мен өткізудің кепілі болып табылады. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу тәртібін реттейтін нормалар «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 162-VI Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен толықтырылғанын атап өту қажет [3].

Қазақстандық заң шығарушы анықтағандай, сайлау алдындағы үгіт 1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы; 2) сайлау алдындағы жария іс-шараларды (сайлау алдындағы жиналыстарды және сайлаушылармен (таңдаушылармен) кездесулерді, сайлау алдындағы жария пікірталастар мен пікір алысуларды, митингілерді, шерулерді, демонстрацияларды және заңнамада белгіленген тәртіппен және сайлау туралы Конституциялық заңда тыйым салынбаған өзге де сайлау алдындағы іс-шараларды), сондай-ақ кандидаттардың және олардың сенім білдірген адамдарының сайлаушылармен (таңдаушылармен) жеке кездесулерін өткізу); 3) баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығару және (немесе) тарату жолымен (сайлау туралы Заңның 27-бабының 3-тармағы) жүзеге асырылады.

«Сайлау туралы» Заңның 28-бабы Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау алдындағы үгітті жүргізу тәртібін регламенттейді. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 3-тармағына сәйкес [2] мемлекет кандидаттарға өз бағдарламаларымен бұқаралық ақпарат құралдарына шығуы үшін қаражаттың тең бөлінуіне кепілдік береді. Кандидаттарға бұқаралық ақпарат құралдарына шығу үшін қаражат бөлу тәртібі мен көлемін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

Президенттікке кандидаттар, Мәжіліс депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар Орталық сайлау комиссиясы ұйымдастыратын сайлау алдындағы телевизиялық пікірсайыстарға қатысуға құқылы.

Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар телевизиядағы сайлау алдындағы пікірсайыстарға қатыса алады, оларды тиісті аумақтық сайлау комиссиялары ұйымдастыруға құқылы.

Орталық сайлау комиссиясы айқындайтын сайлау алдындағы пікірсайыстарды өткізу тәртібі мен шарттары тең болуға және белгілі бір кандидатқа немесе саяси партияға артықшылық жасамауға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын береді. Кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға бұқаралық ақпарат құралдарында эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру туралы шарттың талаптары белгілі бір кандидатқа, саяси партияға артықшылық жасамауға тиіс. Эфир және баспасөз бетінен орын бергені үшін төлемнің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді тиісті бұқаралық ақпарат құралы сайлау алдындағы үгіт жүргізу басталардан кемінде бес күн бұрын хабарлауға және жариялауға, сондай-ақ Президентті және Парламент депутаттарын сайлау кезінде — Орталық сайлау комиссиясына, мәслихаттар депутаттарын және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде өзге де аумақтық сайлау комиссияларына беруге тиіс.

Орталық және аумақтық сайлау комиссияларының интернет-ресурстарында бұқаралық ақпарат құралдары ұсынған эфир мен баспасөз бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер орналастырылады. Бұқаралық ақпарат құралдары эфир мен баспасөз бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер жарияланғанға дейін

кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың үгіт материалдарын орналастыру, тарату үшін эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бере алмайды.

Сайлау алдындағы үгіт кезеңінде кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгітіне байланысты мерзімді баспасөз басылымының таралымы барлық кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар үшін бірдей болуға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралы кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партияның біріне эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге берген келісімі басқа кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге келісім беруі болып табылады.

Кандидаттардың және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың бұқаралық ақпарат құралдарына шығу кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не егер өтініштер бір мезгілде келіп түссе, жеребе бойынша белгіленеді.

Кандидаттардың телевизия мен радиода сөйлеп жатқан сөздерін бөлуге және сөйлеген сөздерінен кейін іле-шала, сондай-ақ баспасөз басылымдарындағы сөздерінен кейін сол нөмірде түсініктеме жасауға тыйым салынады [2].

Демек, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңы бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау науқанын жария етуі кезінде барлық кандидаттар үшін тең жағдайлардың кепілдігін көздейді. Сонымен бірге, сайлауды ақпараттық қамтамасыз ету қағидаларын неғұрлым толық жүзеге асыру үшін, азаматтардың еркін ерік білдіруі үшін Қазақстан Республикасындағы сайлауда тегін эфир уақытын беру кепілдігін кеңейткен дұрыс болар еді. Профессор М.А. Сәрсембаев атап өткендей, кандидаттардың телеарна мен радиода сөйлеген сөздері, баспа мәтіндері арқылы республиканың барлық электоратына өзінің саяси көзқарастары мен саяси бағдарламаларын жеткізу құқығын іске асыра алады [4; 105]. Кандидаттардың теңдігі қағидасын кепілдендіру, сондай-ақ сайлауға қатысатын партияларға мемлекет қаржыландыратын БАҚ-та қосымша тегін жариялауды, сайлаушыларға ақпарат көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету мақсатында әрбір кандидатқа мемлекеттік телевизиядан 60 минуттық сөз сөйлеуге, мемлекеттік радиодан 30 минуттық сөз сөйлеуге, мемлекеттік баспасөз органдарында 0,5 баспа парағынан аспайтын көлемде үш мақала жариялауға құқық бере отырып, тегін эфир уақытының көлемін ұлғайтқан дұрыс болар еді.

Бұдан әрі, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын талдауда оның кейбір ережелерінің жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді. Атап айтқанда, осы Заңның 50-бабының 4-тармағында «кандидат, саяси партия осы Конституциялық заңның талаптарын бұзған кезде, кандидатты тіркеуден бас тарту немесе тіркеудің күшін жою үшін негіз болып табылатын талаптарды қоспағанда, оларға ескертіледі, ал қайта бұзған кезде тиісті сайлау комиссиясы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жояды» деп белгіленген [2]. Біздің ойымызша, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 50-бабының 4-тармағын «егер депутаттыққа кандидат саяси бәсекелестердің үгіт материалдарын жойғаны дәлелденген жағдайда, мұндай кандидатураны тіркеу туралы шешімнің дереу күшін жойылуы тиіс» деген ережемен толықтыру керек еді [5; 31]. Профессор М.А. Сәрсембаевтың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 47–50-баптарын кеңейту не «Қазақстан Республикасы азаматтарының электораттық құқықтарының кепілдіктері туралы» жеке заңды қабылдау туралы айтқан ұсынысын қолдау орынды болар еді [6; 23].

Сайлау туралы қазақстандық заңнаманың нормаларын бұзғаны үшін сайлау комиссияларының жауапкершілігін белгілеу туралы мәселені егжей-тегжейлі реттеу қажет, өйткені сол арқылы азаматтардың Қазақстан Конституциясында кепілдік берілген сайлау құқықтары бұзылады. Бұдан басқа, сайлау заңнамасын осындай бұзушылықтар тиісті аумақтағы дауыс беру қорытындыларының жарамсыздығын тануға әкеп соғуы мүмкін. Мұндай жауапкершіліктің нысандары сайлау комиссиясының мүшелеріне қатысты әкімшілік шаралар, сайлау комиссиясын толық немесе ішінара тарату және басқалар болуы мүмкін.

Орталық сайлау комиссиясының қолдауымен сайлау комиссияларының құқықтық ұстанымдарының электрондық базасын құрған жөн. Сайлау комиссияларының құқықтық позициялары деп алқалы органның (сайлау комиссиясының) ҚР азаматтарының сайлау құқықтарын жүзеге асыру және қорғау, сайлауды ұйымдастыру және өткізу саласындағы заңнамалық ережелерді қолданудың негізділігі туралы, сондай-ақ сайлау комиссиясының құзыретін жүзеге асыру жөніндегі өзге де қызмет туралы пікірлерінің құжатпен ресімделген ресми жүйесі түсініледі. Сайлау

комиссияларының құқықтық ұстанымдары сайлау құқықтарының кепілдіктеріне, олардың шектеулері мен жүзеге асырылу жағдайларына нақты мазмұн беру бөлігінде, ҚР сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде, азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау туралы істерді қарау кезінде маңызды функцияны орындайды.

Сондай-ақ сайлау комиссияларының құқықтық ұстанымдары жүйесін автоматты түрде мониторингтеу тетігін ойластыруға және жүзеге асыруға болады. Мұндай тетік сайлау дауының сипаттамалары және олар бойынша қабылданған шешім бойынша сайлау комиссияларының барлық шешімдерін автоматтандырылған өңдеуді; проблеманың қандай да бір моделіне жатқызу және жоғары тұрған сайлау комиссиясының осы модель бойынша қабылдаған шешімімен салыстыру тұрғысынан сайлау комиссияларының барлық шешімдерін автоматтандырылған өңдеуді қамтуы мүмкін.

Сайлау комиссиялары мен олардың мүшелерінің құқықтық мәртебесін жақсарту тұрғысынан Ресейдің тәжірибесін зерттеу пайдалы. Ресей заңнамасында сайлауға қатысатын саяси партиялардың сайлау комиссияларында тең өкілдікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ сайлау комиссияларының тәуелсіздігіне кепілдік беруге бағытталған нормалар бар.

Ресей Федерациясының «Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқықтары мен референдумға қатысу құқығының негізгі кепілдіктері туралы» Федералдық заңының [7] (бұдан әрі-Ресей Федерациясының «Сайлау құқықтарының негізгі кепілдіктері туралы» Заңы) 22-бабының 4-тармағы, әр саяси партияның, әр сайлау бірлестігінің, басқа да қоғамдық бірлестіктің ұсынысы бойынша сайлау комиссиясының құрамына шешуші дауыс құқығы бар комиссияның бір мүшесінен артық емес тағайындалуы мүмкін деген ережені белгілейді.

Сайлау комиссияларының тәуелсіздігінің келесі кепілі «Сайлау құқығының негізгі кепілдіктері туралы» Ресей Федерациясының Заңында (22-бап, 5-тармақ) Ресей Федерациясының субъектілерінің сайлау комиссиялары мүшелерінің жартысынан көбі ғана емес, округтік сайлау комиссияларының, муниципалдық білім беру сайлау комиссияларының, аумақтық және учаскелік комиссияларды мемлекеттік және муниципалды қызметкерлер құрауы мүмкін екендігі қарастырылған [7].

Ресей Федерациясының «Сайлау құқығының негізгі кепілдіктері туралы» Заңы Федерация субъектілерінің сайлау комиссияларын, округтік, аумақтық, учаскелік комиссияларды азаматтардың сайлау құқығын бұзған жағдайда тарату мүмкіндігін белгілейді, бұл тиісті аумақтағы дауыс беру нәтижелерін немесе жалпы сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тануға әкелді (Заңның 31-бабы) [7]. Сайлау комиссиясын тарату туралы шешімді тиісті деңгейдегі заң шығарушы (өкілді) орган, сондай-ақ орталық сайлау комиссиясы (Федерация субъектісінің комиссиясына қатысты) депутаттарының өтініші бойынша сот қана қабылдай алады.

Сайлау комиссияларының тәуелсіздігіне кепілдік беру, саяси пайымдарға қатысы жоқ объективті өлшемдері бар сайлау комиссияларын қалыптастырудың демократиялық рәсімін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты жұмыс істейтін сайлау комиссияларының жүйесін құру бағытында сайлау комиссияларының жүйесін жаңғырту қажет.

Осы мақсатта, мысалы, Мәжіліс депутаттарының, Президенттің өкілеттік мерзіміне теңестірілген Қазақстандағы барлық сайлау комиссиялары үшін бірыңғай өкілеттік мерзімін белгілеуге, не бірыңғай өкілеттік мерзімін белгілеп, бірақ сайлау комиссияларының түрлі буындарын кезең-кезеңімен қалыптастыра отырып: алдымен Орталық сайлау комиссиясы, келесі жылы — аумақтық сайлау комиссиясы, содан кейін бір жылдан соң — учаскелік сайлау комиссиясы құрылады.

Ресей Федерациясының «сайлау құқығының негізгі кепілдіктері туралы» Заңына 2012 жылы өзгерістер енгізілді, осыған сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының жұмысына тұрақты негізде көшу белгіленді, яғни оларды қалыптастыру қазіргі уақытта аумақтық сайлау комиссияларымен 5 жыл мерзімге тұрақты жұмыс істейтін сайлау учаскелерінде жүзеге асырады (сайлау құқығының негізгі кепілдіктері туралы Заңның 27-бабы) [7].

Ресейдің сайлау заңнамасындағы 2012 жылғы жаңашылдықтар комиссияның тиісті мүшелерін ауыстыру кезінде партияның қайта өкілдігін қамтамасыз ету мүмкіндігіне де бағытталған. Мәселен, учаскелік сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған, бірақ комиссия мүшелері тағайындамаған кандидатуралар қатарынан резерв қалыптастыру көзделген. Шығып қалған адамның орнына учаскелік сайлау комиссиясының жаңа мүшесін тағайындау осы резервтен жүргізілуі мүмкін. Мұндай механизм кең мағынада сайлау комиссияларының кадрлық резервін дайындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру тетігі неғұрлым ұйымдастырушылық ашықтық пен негізділік беру мақсатында одан әрі жетілдіруді талап етеді. Кейбір шет елдерде сайлау комиссиясы мүшесінің орынбасары институты (сайлау органы) жұмыс істейді, бұл комиссиялар жұмысына үздіксіз сипат беруге, сондай-ақ комиссия мүшелерін оқыту және олардың кәсіби біліктілігін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы, Мексикада сайлау комиссиясына ұлттық саяси партиялардың уәкілдері және барлық уәкілдердің орынбасарлары кіреді.

Қазақстан Республикасының Негізгі Заңын Қазақстандағы сайлау құқығы мен сайлау жүйесіне арналған жаңа тараумен толықтыру туралы мәселе пісіп жетілді. Бұл конституциялық реттеу пәніне мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, сайлауға қатысты аса маңызды қатынастарды енгізуге, сондай-ақ азаматтардың сайлау құқықтарының неғұрлым салмақты кепілдіктерін, атап айтқанда, сайлау комиссияларының құқықтық мәртебесінің негіздерін бекітуге мүмкіндік берер еді.

### *Талқылаулар*

Қазіргі заманғы конституционализмнің дамуының жалпы заңды үрдістері Қазақстан Республикасында саяси плюрализм қағидатын саяси-құқықтық тұрғыдан бекіту қажеттігін талап етеді. Саяси жүйенің тиімді жұмыс істеуі саяси партиялардың мемлекеттік және қоғамдық өмірге белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Заң шығарушы мемлекеттік емес ұйымдардың, азаматтардың, олардың бірлестіктерінің мемлекеттің саяси өміріндегі рөлі мен маңызын арттыру, олардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейту үрдісін ескеруі тиіс.

Идеологиялық және саяси әр алуандық, көппартиялылық демократияның мазмұндық сипаттамасы болып табылады, ол ҚР Конституциясында бекітілген, ал саяси партиялардың өздері — оның құқықтық мемлекет шеңберінде жұмыс істеуі үшін қажетті институт болып табылады. Дәл осы партиялар елдің мемлекеттік-саяси жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сайлаушылардың кең тобын мемлекет істерін басқару процесіне қосуға арналған. Партиялардың елдердің саяси өміріндегі рөлін күшейту елдің саяси процесін дамытудағы жалпы үрдіс болып табылады.

Сонымен қатар, конституциялық реформа жүргізу барысында азаматтық қоғам және оның институттары, партиялар мен қоғамдық бірлестіктер туралы мәселе ҚР Конституциясында тиісті көрініс таппады. Бұл мәселелерді конституциялық деңгейде пысықтау мемлекеттің қажет болған жағдайда азаматтық қоғам институттарын елемеу мүмкіндігін жоққа шығарар еді, бұл олардың өкілдеріне дұрыс қарау үшін алғышарттар жасар еді.

Конституциялық-құқықтық заңнамаға осы өзгерістер мен толықтырулар тұрақтандырушы факторға қызмет ететін болады және біздің қоғамымыздың өмірінде саяси плюрализм мен дамыған демократияның әр түрлі нысандарын жылдам бекітуге мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, Қазақстан Конституциясын мынадай ережелермен толықтыру қажет: ҚР Конституциясында саяси партиялардың қоғамдағы және мемлекеттегі рөлі мен маңызы туралы Ережелерді бекіту туралы; ҚР Конституциясына партиялардың бәсекелестігі, бәсекелестігі сияқты саяси плюрализм қағидаты тараптарын енгізу туралы.

Сайлау комиссиялары мен олардың мүшелерінің құқықтық мәртебесіне қатысты мәселелер, қазақстандық және шетелдік ғалым-заңгерлермен қарастырылады.

Заң әдебиеттерінде сайлау комиссияларының қызметі мен білім берудің өзекті сұрақтары, олардың құқықтық мәртебесі қарастырылады. Мысалы, «Конституциялық заңда сайлау комиссиялары мемлекеттік органдар деп аталғанымен, олар белгілі бір мемлекеттік орган бекіткен және мүлдем жауапсыз әрекет ететін еріктілер тобына өте ұқсас» [8; 54]. Сондықтан, автордың пікірінше, сайлау туралы заңнамада сайлау комиссияларының мүшелігіне кандидаттарға қойылатын нақты талаптар айтылуы тиіс, «комиссиялардың жауапкершілігі» бөлімі енгізіліп және олардың бүкіл қызметі кәсіби негізге қойылуы тиіс [8; 53–55].

Сайлау үрдісінде мемлекеттік аппараттың бейтараптылығын қамтамасыз ету мақсатында сайлау органдарының құрамын ұжымдық қалыптастыру неғұрлым демократиялық болып табылады. Сайлау органдарын құрудың осындай «ұжымдық» қағидасы сайлау барысына қоғамдық бақылауды кеңейтуді қамтамасыз етеді.

Сайлау комиссияларының құрамындағы партиялардың неғұрлым кең өкілдігін, сондай-ақ олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін сайлау комиссияларының құрамына тең дәрежеде барлық саяси партиялардың өкілдерін қосу керек еді. Алайда, бұл жағдайда әдебиетте айтылғандай, барлық

партиялар сайлау комиссияларының құрамында бола бермейді, өйткені партиялардың саны комиссиялардың сандық құрамынан асып түседі. «Сайлау комиссиясындағы бос жұмыс орындарының саны — 7, ал Қазақстандағы саяси партиялардың саны — 10. Біз не істесек те, сайлау комиссиясының құрамында қалған үш партияның болуы мүмкін емес» [9; 108]. Профессор М.А. Сәрсембаев сайлау комиссияларында партиялардың тең өкілдігін қамтамасыз ету комиссиялардың төрағалары мен хатшылары деңгейінде мүмкін деп санайды [9; 108]. Басқа ғалымның пікірінше, Ресей сайлау заңнамасының тәжірибесін сайлау комиссияларының мүшелеріне үміткер кандидаттан бір өкіл қосу арқылы пайдалана аламыз [10; 158].

Саяси партиялардың сайлау комиссияларын ұйымдастыруға және қызметіне тең қатысуын қамтамасыз ету мәселелерін ресейлік заңгер ғалымдар да қарастырады. Саяси партиялар санының артуы құрылатын сайлау комиссияларының құрамында партиялардың тең өкілдігін қамтамасыз ету проблемасын одан әрі айқындай түседі [11; 37]. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының «Сайлау құқығының негізгі кепілдіктері туралы» Заңында белгіленген кандидаттардың тізімдері Мемлекеттік Думада, Федерация субъектісінің заң шығарушы органында, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органында депутаттық мандаттарды бөлуге рұқсат етілген саяси партиялардың ұсыныстары негізінде оның мүшелерінің кем дегенде жартысын сайлау комиссиясына міндетті түрде тағайындау туралы талап «елде тіркелген және сайлауға қатысқан 7 саяси партия болған кезеңде оңай орындалды» [11; 37].

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, мүшелері, оның аппаратының қызметкерлері, аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ хатшылары өз өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асырады [2]. Аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары немесе олардың орынбасарлары, хатшылары өз өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыратындықтан, олардың құқықтық жағдайын нақты айқындау, мысалы, саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде оның негізгі параметрлерін айқындай отырып, оларға мемлекеттік қызметшілер мәртебесін беру орынды болар еді.

Сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру тәртібі одан әрі жетілдіруді талап етеді. Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасын реформалау: сайлауға қатысушы барлық саяси партиялардың мүшелігін қамтамасыз ету мақсатында сайлау комиссияларын қалыптастыру тәртібін өзгерту; оларға тек кеңесші ғана емес, шешуші дауыс құқығын беру; тұрақты жұмыс істейтін сайлау комиссияларының жүйесін құру сияқты бағыттарда жүзеге асырылуы мүмкін.

Сайлау комиссиялары мүшелерінің құқықтық мәртебесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі олардың кәсібилігін арттыру болуы тиіс, бұл сайлау үрдісін тиімді ұйымдастыруға, сайлау науқаны барысында бұзушылықтарды болдырмауға және сол арқылы азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сайлау комиссияларының құрамына, біздің ойымызша, барлық саяси партиялардың, оның ішінде оппозициялық партиялардың өкілдері сайлау комиссияларының құрамындағы партиялардың неғұрлым кең өкілдігін қамтамасыз ету, комиссиялардың тәуелсіздігіне кепілдік беру үшін тең дәрежеде кіруі тиіс. Қазақстандық сайлау заңнамасын реформалау қажет, атап айтқанда, сайлауға қатысушы барлық саяси партиялардың қатысуымен сайлау комиссияларын қалыптастыру тәртібін өзгерту керек. Сайлау комиссияларының сандық құрамын заңнамалық тұрғыдан кеңейту керек, комиссиялар мүшелерінің саны тіркелген саяси партиялардың санынан кем болмауға тиіс [12; 21]. Сайлау комиссияларының тәуелсіздігінің кепілі ретінде мемлекеттік қызметшілердің сайлау комиссиясы мүшелерінің жалпы санының екіден бір бөлігінен артық бола алмайтындығы туралы ережені белгілеуге болады. Азаматтардың сайлау құқықтарын бұзған жағдайда, тиісті аумақтағы дауыс беру қорытындыларын немесе жалпы сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тануға әкеп соқтырған жағдайда, сайлау комиссияларының жауапкершілігін оларды тарату арқылы қолдану мүмкіндігін белгілеу орынды болар еді. Қазақстанда сайлау комиссияларын жаңғырту жоспарында тұрақты жұмыс істейтін учаскелік сайлау комиссияларының жүйесін құруды қарастыруға болады.

Азаматтардың сайлау құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асыру қажеттігі туралы ұсынысты қолдау керек. Авторлар оларға мынадай шараларды жатқызады: сайлау барысын кең қоғамдық бақылау және дауыс беру қорытындыларын шығару; сайлау қорытындыларын шығарудың дұрыстығын міндетті түрде іріктеп тексеру; сайлау нәтижелерін есептеу және дауыс беру рәсімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары және т.б. [13; 67].

Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасын реформалау мақсатында «Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету туралы», «Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтары мен референдумға қатысу құқығының негізгі кепілдіктері туралы», «Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы туралы», «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттарын сайлау туралы» (мысалы, Ресей Федерациясындағы тиісті заңдар сияқты) заңдарды әзірлеп, қабылдауға болады немесе Қазақстан Республикасының сайлау кодексінде сайлау заңнамасының нормалары кодификациялансын (Франция мен Чехия үлгісі бойынша). Кодификацияланған заңнама сайлау органдарының құқықтық мәртебесіне ғана емес, олардың жауапкершілігін де бекітуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында сайлау құқығын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны Республика Президентінің Жарлығымен әзірлеу мен бекітудің орындылығы туралы ұсынысты қолдау қажет болар еді. Мұндай бағдарлама Қазақстандағы мемлекеттік сайлау саясаты мен сайлау құқығын кезең-кезеңмен, эволюциялық жетілдірудің негізі бола алар еді [14; 185].

### Қорытынды

Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары мүшелерінің мәртебесін регламенттейтін берік құқықтық іргетасы құрылды. Онда Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы қағидасына, Халықаралық сайлау стандарттарына сәйкес келетін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы орталық орынға ие. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында сайлау комиссияларының ұйымдастырылуы мен қызметін құқықтық реттеу бірқатар кемшіліктерсіз емес.

Кандидаттардың теңдігі қағидасын кепілдендіру, сондай-ақ сайлауға қатысатын партияларға мемлекет қаржыландыратын БАҚ-да қосымша тегін жариялауды, сайлаушыларға ақпарат көлемін ұлғайтуды қамтамасыз ету мақсатында әрбір кандидатқа мемлекеттік телевизиядан 60 минуттық сөз сөйлеуге, мемлекеттік радиодан 30 минуттық сөз сөйлеуге, мемлекеттік баспасөз органдарында 0,5 баспа парағынан аспайтын көлемде үш мақала жариялауға құқық бере отырып, тегін эфир уақытының көлемін ұлғайтқан дұрыс болар еді.

Негізгі Заңға сайлау комиссияларының заңды қасиеттеріне, оларды қалыптастыру және қызмет ету қағидаларына қатысты ережелерді енгізу, сайлауды ұйымдастыру және өткізу өкілеттіктерін нақтылау, шешуші дауыс құқығы мен кеңесші дауыс құқығы бар мүшелерінің мәртебесін нақтылау қажет. Орталық сайлау комиссиясының қолдауымен сайлау комиссияларының құқықтық ұстанымдарының электрондық базасын құрған жөн.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 ж. [Электрондық ресурс] — Кіру режимі: //http://online.zakon.kz/document/? doc\_id=1005029.
- 2 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңы. [Электрондық ресурс] — Кіру режимі: // https://online.zakon.kz/document/? doc\_id=1004029.
- 3 «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 296-VI ҚРЗ. [Электрондық ресурс] — Кіру режимі // https://online.zakon.kz/Document/? doc\_id=35041664#pos=2;-245.
- 4 Сарсембаев М.А. Проблемы совершенствования казахстанского выборного законодательства / М.А. Сарсембаев // Заңгер. — 2007. — № 12. — С. 102–108.
- 5 Ержанова Ф.А. Некоторые вопросы совершенствования избирательного законодательства Республики Казахстан: анализ судебной практики / Ф.А. Ержанова, Р.М. Жамиева, Г.А. Ильясова // Вестн. Караганд. ун-та. — Сер. Право. — 2020. — № 1. — С. 27–36.
- 6 Сарсембаев М.А. Конституционные принципы избирательного права в Казахстане и их соответствие международным обязательствам страны / М.А. Сарсембаев // Право и государство. — 2014. — № 3(64). — С. 18–23.
- 7 Федеральный закон Российской Федерации «Об основных гарантиях избирательных прав и права на участие в референдуме граждан Российской Федерации» от 12.06.2002. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://www.consultant.ru/document/cons\_LAW\_37119/.
- 8 Мухамеджанов Э.Б. Выборы прошли, что дальше? / Э.Б. Мухамеджанов // Юрист. — 2005. — № 2. — С. 53–55.
- 9 Мухамеджанов Э.Б. Избирательное право Республики Казахстан: теоретико-правовые вопросы / Э.Б. Мухамеджанов. — Алматы: Жеті жарғы, 2001. — 176 с.
- 10 Турищева Н.Ю. Правовое регулирование участия партий в выборах / Н.Ю. Турищева // Государство и право. — 2016. — № 8. — С. 29–39.



11 Yerzhanova F.A. Status of members of election commissions: legislation, practice and international experience / F.A. Yerzhanova, K.S. Mussilimova // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Право. — 2019. — № 2. — С. 19–28.

12 Сагинаев М.Е. Проблемы функционирования избирательного законодательства и совершенствования принципов избирательного права в Республике Казахстан / М.Е. Сагинаев, Н.Б. Таукелов, Л.Б. Нусипова // Вестн. Казах. нац. ун-та. Сер. юрид. — 2018. — № 1(85). — С. 62–67.

13 Копабаев О.К. Избирательное право Республики Казахстан: науч.-практ. пос. / О.К. Копабаев, К.К. Айтхожин, М.Б. Кудайбергенов. — Астана, 2009. — 194 с.

Ф.А. Ержанова

## Некоторые вопросы совершенствования норм избирательного права Республики Казахстан

В статье на основе исследования действующего законодательства Республики Казахстан и специальной литературы в области избирательного права и избирательного процесса, электоральной практики рассмотрены актуальные вопросы правового регулирования в сфере выборной деятельности. Объектом изучения являются положения Конституции Республики Казахстан, Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» с учетом новелл, внесенных в Конституционный закон о выборах, исследованы позиции ученых-юристов относительно статуса избирательных органов Республики Казахстан и их членов. На основе сравнительно-правового анализа автором изучены вопросы, связанные с организацией и деятельностью избирательных комиссий в Российской Федерации и Республике Казахстан. В контексте общей задачи формирования гражданского общества и правового государства в Республике Казахстан установлена необходимость дальнейшего совершенствования конституционно-правового регулирования института выборов. Сформулированы предложения о целесообразности дополнения конституционных норм положениями, касающимися юридических свойств избирательных комиссий, конкретизации статуса их членов. В качестве направлений совершенствования выборного законодательства предложено устранить некоторые пробелы в сфере предвыборной агитации, конкретизировать статус членов избирательных комиссий, обладающих как правом решающего голоса, так и правом совещательного голоса.

*Ключевые слова:* Конституция Республики Казахстан, избирательное право, избирательный процесс, избирательные комиссии, правовой статус избирательных комиссий, гарантии избирательных прав граждан.

F.A. Yerzhanova

## Some issues of improving the electoral law norms of the Republic of Kazakhstan

This article, based on a study of the current legislation of the Republic of Kazakhstan, special literature in the field of electoral law and the electoral process, electoral practice, examines topical issues of legal regulation in the field of electoral activity. The object of study is the provisions of the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan «On Elections in the Republic of Kazakhstan», taking into account the novelties introduced in the Constitutional Law on Elections. The positions of legal scholars regarding the status of electoral bodies of the Republic of Kazakhstan and their members are examined. In the context of the general task of forming a civil society and the rule of law in the Republic of Kazakhstan, the need for further improvement of the constitutional and legal regulation of the institution of elections is established. Proposals were formulated on the advisability of supplementing constitutional norms with provisions concerning the legal properties of election commissions, specifying the status of their members. As directions for improving the electoral legislation, it is proposed to eliminate some gaps in the field of pre-election campaigning, to specify the status of members of electoral commissions with a decisive vote and a deliberative vote.

*Keywords:* Constitution of the Republic of Kazakhstan, suffrage, electoral process, election commissions, legal status of election commissions, guarantees of the electoral rights of citizens.

## References

1 Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiiasy. 30 tamyz 1995 zh. [The Constitution of the Republic of Kazakhstan]. *online.zakon.kz*. Retrieved from // [http://www.akorda.kz/ru/official\\_documents/constitution](http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution) [in Kazakh].

2 «Qazaqstan Respublikasyndagy sailau turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 1995 zhylygy 28 qyrkuiektegi N 2464 Konstitutsiialyq zany. [The Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan of N 2464 «On Elections in the Republic of Kazakh-

stan», adopted on September 28, 1995] *online.zakon.kz*. Retrieved from [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1004029#pos=3;—137](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1004029#pos=3;—137) [in Kazakh].

3 «Qazaqstan Respublikasynyn keibir konstitutsiialyq zandarvna ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiialyq zany 2019 zhylgy 30 zheltoqsandagy N 296-VI QRZ. [The Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan dated June 29, 2018 No. 162-VI «On Amendments and Additions to Some Constitutional Laws of the Republic of Kazakhstan»] *online.zakon.kz*. Retrieved from// [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=35041664](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=35041664) [in Kazakh].

4 Sarsembaev, M.A. (2007). Problemy sovershenstvovaniia kazakhstanskoho vybornoho zakonodatelstva [Problems of improving Kazakhstan's electoral legislation] *Zanger — Lawyer*, 12, 102–108 [in Russian].

5 Yerzhanova, F.A., Zhamiyeva, R.M., & Ilyassova, G.A. (2020). Nekotorye voprosy sovershenstvovaniia izbiratelnoho zakonodatelstva Respubliki Kazakhstan: analiz sudebnoi praktiki // *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Pravo — Bulletin of the Karaganda University. Law series*, 1, 27–36 [in Russian].

6 Sarsembaev, M.A. (2014). Konstitutsionnye printsipy izbiratelnoho prava v Kazakhstane i ikh sootvetstvie mezhdunarodnym obiazatelstvam strany [Constitutional principles of electoral law in Kazakhstan and their compliance with the country's international obligations]. *Pravo i gosudarstvo — Law and the State*, 3, 18–23 [in Russian].

7 Federalnyi zakon «Ob osnovnykh harantiakh izbiratelnykh prav i prava na uchastie v referendume hrazhdan Rossiiskoi Federatsii» ot 12.06.2002 h. No. 67-FZ [Federal Law «On Basic Guarantees of Electoral Rights and the Right to Participate in the Referendum of Citizens of the Russian Federation» dated 12.06.2002 N 67-FZ] *consultant.ru* Retrieved from [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_37119/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_37119/) [in Russian].

8 Mukhamedzhanov, E.B. (2005). Vybory proshli, chto dalshe? [Elections have passed, what's next?] *Yurist — Lawyer*, 2, 53–55 [in Russian].

9 Mukhamedzhanov, E.B. (2001). Izbiratelnoe pravo Respubliki Kazakhstan: teoretiko-pravovye voprosy [The electoral law of the Republic of Kazakhstan: theoretical and legal issues] [in Russian].

10 Turishcheva, N.Iu. (2016). Pravovoe rehulirovanie uchastiia partii v vyborakh [Legal regulation of the participation of parties in elections] *Hosudarstvo i pravo — State and Law*, 8, 29–39 [in Russian].

11 Yerzhanova, F.A., & Mussilimova, K.S. (2019). Status of members of election commissions: legislation, practice and international experience. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Pravo — Bulletin of the Karaganda University. Law series*, 2, 19–28. [in English]

12 Saginavev, M.Ye., Tauvekelov, N.B., & Nusipova, L.B. (2018). Problemy funktsionirovaniia izbiratelnoho zakonodatelstva i sovershenstvovaniia printsipov izbiratelnoho prava v Respublike Kazakhstan [Problems of the functioning of electoral legislation and improving the principles of electoral law in the Republic of Kazakhstan] *Vestnik Kazakhskoho natsionalnoho universiteta. Seriya yuridicheskaiia — Bulletin of the Kazakh National University. Law series 1(85)*, 62–67 [in Russian].

13 Kopabayev, O.K., Aytkhozhin, K.K., & Kudaybergenov, M.B. (2009). Izbiratelnoe pravo Respubliki Kazakhstan [Electoral law of the Republic of Kazakhstan]. Astana [in Russian].